

ISSN 2310-3353



Қостанай
мемлекеттік
педагогикалық
институтының

ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 1
2022

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1 2022



KANAPINA, S.G., MESHITBAI, A.K.

FEATURES OF USING DIALECTIC WORDS IN THE STORY OF THE WRITER TAKHAUI AKHTANOV "MAHABBAT MUNY"

The article examines the specifics of the use of dialect words in the novel by the writer Takhaoui Akhtanov "Mahabbat of the Moon". The study of dialect words in Kazakh linguistics is also taken into account. The meaning of dialect words used in the work is revealed by the dialectological dictionary.

Key words: *dialectology, spoken language, dialects, dialect words, dialectological dictionary.*

ӘОЖ 8.81

Қанапина, С.Ғ.,

*филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор*

Исмагамбетова, Ж.Б.,

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

Омарова, Д.К.,

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІНДЕГІ ТЕҢЕУ
СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін

Теңеу – көркем мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз және затты, нәрсені, құбылысты немесе солардың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым және көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған категория. Теңеу сөз образдарының ішінде ең жиі қолданылатын шоғыры болып саналады. Мақала Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі теңеу сөздердің қолданылу ерекшелігін зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: *теңеу, повес, этнолингвистика.*

1 Кіріспе

Теңеу – жазушының затты, құбылысты басқа затпен не құбылыспен салыстыра суреттеу арқылы, оның ерекше белгілерін ашатын әдеби көркемдегіш құрал. Теңеуді қолдану сөйлемді алуан қырлы етеді, мағынасына тереңірек енуге көмектеседі, бай бейнелі ассоциациялар туғызады.

Бекбосынова А. Х. «С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты ғылыми монографиясында теңеуге «Теңеу – күнделікті ауызекі сөйлеу барысында және көркем шығармаларда молынан қолданылатын тәсіл. Теңеуді қажет жерінде дәл қолдану, тың жана теңеулер жасау – кімнен болса да нағыз шеберлікті талап етеді. Өз орнында тұрған ұтымды теңеуден дүниенің тілдік бейнесін ғана емес, ақиқат дүние туралы хабар да аламыз. Теңеулердің көркем шығарманың эстетикалық қырын айқындаудағы қызметі де ерекше деуге болады. Теңеуді пайдалана отырып, ақын-жазушылар өз шығармасының көркемдік дәрежесін биікке көтереді, ақиқат болмысты толығырақ білуге мүмкіндік береді және теңеуге тілдік тұрғыдан талдау жасау арқылы әр ақынның өзіндік қолтаңбасын, дүниетанымын байқауға болады» – деп анықтама береді [1].

«Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді», – дейді З. Қабдолов [2].

Поэтикалық тілді зерттеуші лингвист Л. А. Новиков: Троп арқылы біз сөздерді ауыспалы мағынада түсінеміз, ол біздің ой, сезім сарайымызды кеңейтеді, жаңа мазмұнмен, өрнегімен біздің поэтикалық ойымызды байытады. Ал фигура – керісінше, ол тілдік форма, еш жаңалық енгізбегенімен, біздің әсерімізді ерекше айшықтап, айқындап, күшейтіп отырады, дей келіп, теңеуді троптардың алғашқы түріне жатқызады [3].

Профессор Т. Қоңыров теңеудің танымдық мәні туралы «... теңеулік таным жалпы танымдай емес. Бұл дүниеге көркемдік көзбен қарайды. Ол заттар мен құбылыстарды суреттеп, әшекейлеп, бояп, әсерлеп, сезімге бөлеп көрсетеді. Бір зат пен екінші зат салыстырылғанда, оның шын болмысымен қатар көркемдік тұрғыдан болуға тиісті «қасиеттері» де еске алынады. Яки көркем теңеулерде бір-біріне ұқсатылатын заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттерімен қатар олардың қосымша қасиеттері де салыстырылады. Мінеки осы қосымша белгілер көркемдік танымның құнын арттыра түседі» – дейді [4].

Ғалым М. Серғалиев «Теңеудің стилистикалық қызметі әр алуан. Бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады», – деген [5].

Теңеу терминін қазақ филологиясында алғаш қолданып, ғылыми анықтама берген қазақ тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының негізін салушы ғалым А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Теңеу екі түрлі; 1) әншейін теңеу, 2) әдейі теңеу» деп бөлген [6].

Т. Қоңыров троптардың ішінде теңеуге толық талдау жасап, оның 10 түрлі тәсілмен жасалатынын дәлелдеген:

- 1) -дай; -дей; -тай; -тей; -дайын; -дейін; -тайын; -тейін жұрнақтарының көмегімен;
- 2) -ша; -ше жұрнақтарының көмегімен;
- 3) шығыс септігі жалғауының (-нан; -нен; -дан; -ден; -тан; -тен) көмегімен;
- 4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;
- 5) бейне сөзінің көмегімен;
- 6) тең сөзінің көмегімен;
- 7) ұқсас сөзінің көмегімен;
- 8) параллелизм тәсілі көмегімен;
- 9) аралас тәсілдің көмегімен;
- 10) қосалқы тәсіл көмегімен.

«Сезім мүшелері мен қарым-қатынасына қарай қазақ теңеулері бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Бұл топтар теңеулердің нақты мағынасынан, олардың сыртқы дүниемен қарым-қатынасынан келіп туады. Міне осы тұрғыдан келіп, біз қазақ теңеулерін төмендегідей топтарға жіктеп қарастырдық: 1) көру теңеулері, 2) есту теңеулері, 3) дәм сезу теңеулері, 4) дене сезімі теңеулері, 5) иіс сезімі теңеулері, 6) сезім-күй теңеулері. Теңеулерді бұлайша топтау жаңалық емес. Бұл әдіс совет филологтары мен шетел ғалымдары еңбектерінде едәуір көрініс тапқан» [7].

2 Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Теңеудің анықтамасы, түрлері және зерттеген ғалымдардың еңбектері қаралды. М. Әуезовтің «Қилы заман» атты повесіндегі теңеу сөздер теріліп, қолданылу ерекшелігіне қарай талданды.

3 Негізгі бөлім

Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі терілген теңеулер:

1. Қазір де **құмырсқаның илеуінде**й болып быжынап, жыбыр-жыбыр қағып бүлкілдеп, қызара бөртіп, ажарланып, күннен күнге қарнын қампитып келе жатқан жәрмеңке – сол қазақ даласын торуға шыққан жайындай болатын. (М. Әуезов «Қилы заман» 2-бет)

Құмырсқа қазақ танымында тынымсыз еңбектің нышаны. Қазақ «құмырсқадай қажырлы», «құмырсқадай еңбекқор» деген тіркестерді жиі қолданады. Ахмет Байтұрсынов «Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сияқты. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұратын құмырсқа болмайды. Жұрт та жұмысын құмырсқаша жабыла тынбай істесе, ісі алға

басады» – деген. Автор Қарқара жәрмеңкесін құмырсқа илеуіне теңеу арқылы сондағы қайнап жатқан тіршілік пен қараша халықтың еңбегін, жұмыла жасаған жұмыс арқасында көркейіп келе жатқан Қарқара жәрмеңкесін суреттеген.

2. **Көгенге кірген борсықтай** байлаулы бағланның май құйрығына тұмсығын тығып, сауыры бүлкілдеп қана жылы-жұмсағын соруда болатын. (М. Әуезов «Қилы заман» 2-бет)

Малдың қазақ елі үшін әркез орны бөлек болатын, себебі төрт түлік халқымыздың көлігі де, азығы да болған. Ертеде қазақ халқы қой-ешкіні сауар бұрын төлдерін көгендейтін. Суреткер шығармадағы жылдық керегін Албан еліндегі жәрмеңкеден күреп алғысы келетін саудагерді көгендегі қозы-лақтың майын сорып, соны азық еткен борсықтың жылы-жұмсақ жайымен теңестірген.

3. **Киіздей** қалың көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күннен Албанның құт-берекелі жайлауы еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 3-бет)

Киіз – қойдың күзем жүнінен басылған бұйым. Қазақ халқында «Аспаннан киіз жауса да, құлға ұлтарак тимейді», «Арба иесі күпшек дер, киіз иесі білек дер» сияқты киізге байланысты терең мағынаға ие мақалдар көп. Көшпенді қазақ халқының баспанасы киізбен қапталғасын жылы, жайлы болған. Албан жайлауының шалғының киіздің қалыңдығымен теңеп, автор Қарқара жазығының табиғатының байлығын бейнелеген.

4. Мыңдаған жылқы, сан қора қой ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмай жатқанда, бұл жазықтың **жібектей** толқыған өскелең шалғыны сыр білдермей шыдайтын, әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын. (М. Әуезов «Қилы заман» 3-бет)

Жібек – талшықтан тоқылған, беті тегіс, жылтыр, қымбат мата. Жібек матасы әркез байлық пен молдықтың нышаны болған. Қазақ «Жібек мінезді» тіркесі арқылы адамның мінезінің жұмсақтығын, ашықтығын сипаттаған. Үзіндіде даланың портретін жібекке балау арқылы, табиғаттың сұлулығын, жұмсақ шалғынын, жылтыр қамысын суреттеген.

5. Бірі – жар төсегін арамдап қойған, **жүрісі сұйық тоқалдай** жағына, жалтаңдай, жорғалай қарайтын жасқаншақ көз. (М. Әуезов «Қилы заман» 4-бет)

Жүрісі сұйық – бұл фразеологизм. Исмет Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде жүрісі сұйық дегенге «Жеңіл жүрісті, ісі мардымсыз, ісі берекесіз» – деп анықтама берген [8]. Берілген сөйлемде автор тілмаштың көзқарасын жүрісі сұйық тоқалға теңеу арқылы оның мінездемесін беріп тұр. Бұдан тілмаштың жеңілдің үстімен жүретін, жағымпаз да, жасқаншақ кейіпкер екенін көруге болады.

6. Пристав тілмашы Жебірбаев ұлығы мен екеуіне түскен малдан үш жүз қой, елу қараны кешегі күні **жемтік жағалаған қарғадай** айналасынан шықпай жүрген туысқандарымен өз елінің жайлауына қарай жүргізген болатын. (М. Әуезов «Қилы заман» 4-бет)

Жемтік жағалаған қарғадай – фразеологизмдік теңеу. Исмет Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» осы фразеологизмге анықтама берген: «Жемтікке қонған күшігендей – дайынға тап беріп, ел ырысын жеген жемқор адам туралы» [9]. Мұнда «жемтікке қонған күшігендей» мен «жемтік жағалаған қарғадай» фразеологизмдері синоним болып келеді. Осы сөйлемде тілмаштың мал түсірген жерден ірі-қараны өз еліне айдап әкетуінен оның бойындағы жемқорлық пен қара басының қамын ойлаушылықты анық көре аламыз.

7. Енді бүгін жаңа екпінмен **құдайдай** сыйлаған приставына сеніп, елдің май қалтасына тағы да сұғанақ қолды сұқпақ болып, базар ортасындағы Ақжелке кеңсесіне тағы келіп еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 4-бет)

Құдай – күллі дүниені жаратушы және оның әміршісі саналады. Қазақ халқының өзгелерді «Құдайдың жаратқаны» деп сыйлауы, үйіне шақырмай келген қонағын «Құдайы қонақ» атап, құрмет көрсетуі, тек діни қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы қарым-қатынасты реттеудің қуатты құралы болып табылады. Туындыдағы контекстте приставты тілмаштың құдайына теңеу арқылы, тілмаштың приставқа деген сенімін бейне-

леген. Тіпті сенгені соншалық, халықтың нанын тартып алу сияқты сұмдық істерге баруға да қорықпайды.

8. Бұл жетпістен асқан қарт, **қырандай**, кәрі шораяқ алғыр шешен еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 21-бет)

Қыран – көшпелі халықтың таным-түсінігінде – батылдықтың, мықтылықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің символы. «Қыран құс қисық ұшып, түзу ілер», «Қыран құстың баласы ұшса келмейді ұяға» сынды қазақта қыран жайлы мақал-мәтел көп. Мемлекетіміздің туында да қыран құсы бейнеленген, Шәкен Ниязбеков қыран құс арқылы еліміздің дербес, жігерлі, екенін көрсеткен. Жетпістен асқан қарт дегенде көз алдымызға қурап бара жатқан егде жастағы кісі елестейді. Ал қырандай деген теңеу арқылы біз қарияның әжім басқан бетінен қайсарлықты, сенімділікті және ойының еркіндігін көре аламыз. Образдың қайтпас мінезі де осы теңеу арқылы ашылған.

9. **Таудың киігіндей** кең жайылған тіршілігі бар еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 22-бет)

Қазақ елінің жақын тұтып, аялап, кие тұтатын түз тағыларының бірі – киік. Киік қазақ секілді сайын даланы еркін мекендейтін, жердің сұлуын таңдап көшіп-қонып жүретін түз тағысы. Қазақта қызға «Құралай» деп ат қою, елден ерек сүйкімдіні «Киіктің лағындай» екен деп теңеудің өзі халқымыздың сайын даланың еркесіне деген ерекше көзқарасының дәлелі. Киік дәл қазақ елі сияқты жетімге жанашыр. Далада жетім қалған лақты көрсе, оны емізіп, бауырына басады екен. Шығармада Албан баласын таудың киігіне теңеумен, оның еркін, тіршілігі түзу, бір қаланың ғана емес, барша қазақ даласының баласы екендігі анық жеткізіліп тұр.

10. – **Жабының жол бұзатын жорғасындай** тілің бар неме екенсің. (М. Әуезов «Қилы заман» 29-бет)

Жабы – байырғы қазақ жылқысының салт мінуге де, жегуге де ыңғайлы, алыс жолға төзімді бір түрі. Автор жабының жол бұзатын жорғасындай деп жылқының тіпті жолды бұзатын күштілігі мен мықтылығын кейіпкердің бойына енгізіп берген.

11. Ең ақырында боз қасқаның қанымен анттасып, Жәмеңке Албанның Райымбек, Саурық бастатқан қадірлі ұлы аруақтарының бәрін атап тұрып, «солардың оң сапарын бер» деп, мойнына бұршағын салып тұрып, тілек қылып, **бір әкенің баласындай** бір ниетке тас түйін болып буылған елге ақ батасын берді. (М. Әуезов «Қилы заман» 30-бет)

Қазақ бір-бірін бауырым деп, қазақ қызын қарындасым деп сыйлаған. Ақсақал-билер «бір әкенің баласындай жұмылып еңбек естек, ісіміз алға басады» – деп нақыл сөздер айтқан. Осы сөйлемде де теңеу елдің ұйымшыл, біріккен, бір-біріне бауырдай жанашыр екенін сипаттау үшін жұмсалып тұр.

12. Сондықтан жаздың бір жарық айлы, желікті, үмітті түнінде **тағдыр бұйрығындай** жетектеп тартқан ыстық жалын, махаббат бұйрығы жас сұлуды алысқа тартқан. (М. Әуезов «Қилы заман» 35-бет)

Қазақ халқы адам өмірінде орын алатын жақсы немесе жаман жағдайларды тағдырмен байланыстырады. Тағдыр – адам өміріндегі барлық оқиғалардың алдын ала белгіленуін білдіретін діни ұғым. Жазушы адамның шешімі мен қалауына бағынбайтын махаббат сезімін тағдыр бұйрығымен ұштастырып бейнелеген.

13. Бірақ сол кезде **тыңнан шыққан өрттей, ашық күнде күркіреп жауған өткіншідей** жалған ашу, жалған намыс иесі болып, осы Тұңғатар мен Қожамберді шықты. (М. Әуезов «Қилы заман» 36-бет)

Тыңнан шыққан өрттей деп бұл жерде болмашы нәрседен пайда болып, өрттей өршіп кеткен ашуды бейнелеп тұр. Өткінші жауын – кенеттен жауып, тез басылатын жауын түрі. Бұл сөйлемдегі ашық күнде күркіреп жауған өткінші деп кейіпкерлердің себеп жоқ жерден ызаға мінуі мен жалған намысын көрсеткен.

14. Су жолы **жіңішке жыландай** ұзынынан созылып, кей жерінде ғана аз-аз иірілгендей, барлығы да биік, тік кезеңнің етегінен басына шейін шұбатылады. (М. Әуезов «Қилы заман» 56-бет)

Жылан жіңішке ғана, әрі ұзын келетін табиғат иесінің бірі. Жіңішке жыландай деген теңеу тек бұлақ жолының ұзын екенін ғана емес, сонымен қатар су бетінің жылан терісіндей жылтырлығын да бейнелеп тұр.

15. Жазық үстіне кең аспанда кесек-кесек **ақ мамықтай** болып ақ бұлттар қыдырады. (М. Әуезов «Қилы заман» 73-бет)

Мамық – үлпілдеген жұмсақ құс жүні. Бұл сөйлемдегі теңеудің рөлі зор. Егер автор жай ғана бұлт десе, көз алдымызға түрлі бұлттар елестейді: сұр бұлттар, желең бұлттар және тағы да басқалары. Нақтылық болмаған жағдайда, оқырманның ойы бөлініп, берілген пейзажды қабылдай алмайды. Ал осы жердегі ақ мамықтай деген теңеу арқылы автор ауайының ашықтығын, ақша бұлттарды бейнелегенін айқын көре аламыз.

4 Қорытынды

Теңеу – танымдық қызметі зор, көне әрі қарапайым, тілде жиі қолданылатын көркемдегіш құрал. Шындық әлемді танудың қисынды құралы бола отырып, теңеу көп қырлы, мазмұнды тілдік құбылыс. Мақаланы жазу барысында Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» атты повесінен 15 теңеу сөздер теріліп, талданды. Талдауға түскен теңеулер -дай; -дей; -тай; -тей; -дайын; -дейін; -тайын; -тейін жұрнақтарының көмегімен жасалынған. 15 теңеудің 2-сі фразеологизмдік теңеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Хасанқызы Б. Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу – Қостанай. ЖШС «Центрум», 2014. – 11б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST – Company». 2006. – 217б.
3. Новиков Л. А. Искусство слова. Москва: Педагогика, 1991. – 141б.
4. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192б.
5. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 212б.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208б.
7. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1981. – 331б.
8. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 121б.
9. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 111б.

Материал редакцияға түсті: 22.12.2021

КАНАПИНА, С.Г., ИСМАГАМБЕТОВА, Ж.Б., ОМАРОВА, Д.К.

ОСОБЕННОСТИ УПОТРЕБЛЕНИЯ СРАВНИТЕЛЬНЫХ СЛОВ В ПОВЕСТИ МУХТАРА АУЕЗОВА «КИЛЫ ЗАМАН»

Сравнение – это категория, в которой обобщается впечатляющее слово, занимающее видное место в художественном тексте, и художественное понятие, отражающее предмет, вещь, явления или их признак, качество и национальные особенности художественного мышления. Среди образов слова сравнения считаются наиболее часто употребляемыми. Статья посвящена изучению особенностей употребления сравнительных слов в повести Мухтара Ауэзова «Килы заман».

Ключевые слова: *сравнение, повесть, этнолингвистика.*

KANAPINA, S.G., ISMAGAMBETOVA, ZH.B., OMAROVA, D.K.

FEATURES OF THE USE OF COMPARATIVE WORDS IN MUKHTAR AUYEZOV'S STORY «KILI ZAMAN»

Simile is a category in which an impressive word that occupies a prominent place in a literary text, and an artistic concept that reflects an object, thing, phenomenon or their attribute, quality and national characteristics of artistic thinking. Among the images, the words of comparison are considered the most frequently used. The article is devoted to the study of the features of the use of comparative words in Mukhtar Auevov's novel «Kily zaman».

Key words: *simile, story, ethnolinguistics.*